

Кеден одағы Комиссиясы мен Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 8 қазандағы № 175 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 105-бабы 5-тармағына сәйкес **Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы** шешті:

1. Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 мамырдағы № 257 шешімімен бекітілген Тауарларға арналған декларацияны толтыру тәртібі туралы нұсқаулыққа мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) он төртінші – он алтыншы абзацтар (кестеден кейін) мынадай редакцияда жазылсын:

"7 элемент – Беларусь Республикасында, Қазақстан Республикасында және Ресей Федерациясында – төлем төлеген немесе өндіріп алынуы кеден органдарына жүктелген кедендік төлемдер, өзге де төлемдер сомасын ақша қаражаты (ақшасы) есебінен өндіріп алынған тұлға туралы мәліметтер.

Бұл ретте мыналар:

Беларусь Республикасында – дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғаны қоспағанда, төлеушінің есептік нөмірі (ТЕН) не жеке тұлғаның сәйкестендіру нөмірі (ол болған кезде), Қазақстан Республикасында – қызметін бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын ұйым (филиал және өкілдік) және дара кәсіпкер үшін бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) не жеке тұлға үшін, оның ішінде қызметін жеке кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН), Ресей Федерациясында – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі (ССН) осындай мәліметтер болып табылады).";

б) он тоғызыншы абзацта (кестеден кейін) "7" цифры "6" цифымен ауыстырылсын.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 21 мамырдағы " Кеден одағы Комиссиясының және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" № 83 шешіміне қосымшаның 1-тармағының "д" тармақшасына мынадай өзгерістер енгізілсін:

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 4 маусымдағы "Болат құбырлардың жекелеген түрлерінің импортын автоматты түрде лицензиялау (қадағалау) туралы" № 90 шешіміне сәйкес импортына автоматты түрде лицензиялау (қадағалау) енгізілген тауарлар, егер олар осы тармақтың екінші абзацында санамаланған

шарттарға қосымша Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының көрсетілген шешіміне № 2 қосымшаға сәйкес бір кодтық белгіленімге жататын болса, бір тауар ретінде декларацияланады.";

б) жүз сексен алтыншы абзац (кестені ескере отырып) "бағандар." деген сөзден кейін мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 4 маусымдағы "Болат құбырлардың жекелеген түрлерінің импортын автоматты лицензиялау (қадағалау) туралы" № 90 шешіміне сәйкес импортына автоматты түрде лицензиялау (қадағалау) енгізілген және ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсіміне орналастырылатын тауарларға қатысты бағанның осы кіші бөлімінде Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының көрсетілген шешіміне № 2 қосымшаға сәйкес кодтық белгіленім бос орынсыз көрсетіледі."

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян